



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2021 жылғы 23 маусымдағы  
№ ДС-229

**Құрметті депутаттар!**

Цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Ауылдық елді мекендерде Интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету технологияларын қолдану және осы технологиялардың айырмашылығы мәселесі бойынша

Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікті (бұдан әрі – КЖҚ) қамтамасыз ету жылдамдығы 120 Мбит/сек дейінгі сымсыз және сымды байланыс технологияларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте Интернетке «Сымсыз» қол жеткізу инфрақұрылымында талшықты-оптикалық байланыс желілерінің (бұдан әрі – ТОБЖ), радиорелелік желілер мен спутниктік байланыс технологиялары пайдаланылады, ал «сымды» интернетке шалғай ауылдық елді мекендер үшін FTTx (IP-телефония және цифрлық телевизия), «мыс» телефон арналары бойынша ADSL және CDMA/EVDO технологиялары кіреді.

«Байланыс туралы» Заңға сәйкес байланыс желілерін салу байланыс операторларының техникалық мүмкіндіктеріне және елдің аумақтық ерекшеліктері мен халықтың тығыздығын ескере отырып, экономикалық орындылығына қарай жүргізіледі.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) деректеріне сәйкес 2020 жылы КЖҚ-ны 5332 елді мекенде халықтың 98,8%-ын қамтыған ТОБЖ салу және Интернетке мобильді қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі жобаларды іске асыру аяқталды.

«Соңғы миля» мәселесі бойынша

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Министрлік базалық көлік ортасы

ретінде ТОБЖ-ны неғұрлым ірі елді мекендерге жеткізу бойынша жұмыс жүргізді.

Министрліктің ақпараты бойынша елді мекенде абоненттерге дейін «соңғы миляны» ұйымдастыру қазіргі уақытта қосылу сапасы мен жылдамдығы (100 Мбит/сек дейін) тұрғысынан тиімді мобильді технология арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте, мобильді технологияны таңдауды байланыс операторлары техникалық мүмкіндіктерге, елді мекендердің қашықтығына және халықтың тығыздығына қарай дербес жүзеге асырады.

Ауылдық елді мекендерде Интернетке қосылу сапасын өлшеу және уәкілетті органның құзыреті мәселесі бойынша

«Байланыс туралы» Заңға сәйкес Интернет желісіне қосылу сапасын бақылауды Министрлік жүзеге асырады.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау және ұсынылатын байланыс қызметтерін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Министрлік байланыс қызметтері сапасының техникалық параметрлерін өлшеу әдістемесін және байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштерін өзектілендірді, бұл ретте байланыс қызметтерінің сапасын тексеру жыл сайын бекітілетін жоспар-кесте шеңберінде тұрақты негізде жүргізіледі. Ағымдағы жылы аталған жоспарға 928 ауылдық елді мекен енді, оның ішінде 372 ауыл бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді, онда анықталған бұзушылықтар бойынша айыппұл санкциялары салынды.

Жалпы, ауылдық елді мекендерде Интернетке сапалы қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселелері Министрліктің тұрақты бақылауында.

**А. Мамин**

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан**

*На № ДС-229  
от 23 июня 2021 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев депутатский запрос касательно вопросов реализации государственной политики в области цифровизации, сообщаем следующее.

*По вопросу применения технологий обеспечения доступа к сети Интернет в сельских населенных пунктах и отличия этих технологий*

Обеспечение услугами широкополосного доступа к сети интернет (*далее – ШПД*) осуществляется с применением беспроводных и проводных технологий связи со скоростью до 120 Мбит/сек.

При этом в инфраструктуре «беспроводного» доступа к Интернету используются технологии волоконно-оптических линии связи (*далее - ВОЛС*), радиорелейных линий и спутниковой связи, а «проводной» интернет включает в себя технологии FTTx (IP-телефония и цифровое телевидение), ADSL по «медным» телефонным каналам и CDMA/EVDO для отдаленных сельских населенных пунктов.

В соответствии с Законом «О связи», строительство сетей связи производится исходя из технических возможностей операторов связи и экономической целесообразности, учитывая территориальные особенности страны и плотность населения.

Согласно данным Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности (*далее - Министерство*) в 2020 года завершена реализация проектов по строительству ВОЛС и обеспечения мобильного доступа к интернету, охвативших ШПД 98,8% населения в 5332 населенных пунктов.

*По вопросу «последней мили»*

С учетом международной практики, в рамках Государственной программы «Цифровой Казахстан», Министерством проведена работа по доведению ВОЛС, как базовой транспортной среды, до наиболее крупных населенных пунктов.

По информации Министерства, в самом населенном пункте организация «последней мили» до абонентов осуществляется посредством мобильной технологии, которая в настоящее время эффективна с точки зрения качества и скорости соединения (до 100 Мбит/сек).

При этом, выбор мобильной технологии осуществляется операторами связи самостоятельно исходя из технических возможностей, отдаленности населенных пунктов и плотности населения.

По вопросу замера качества подключения к Интернету в сельских населенных пунктах и компетенции уполномоченного органа

В соответствии Законом «О связи» контроль качества подключения к сети интернет осуществляется Министерством.

В целях исполнения поручения Главы государства и обеспечения контроля предоставляемых услуг связи Министерством актуализированы методика измерений технических параметров качества услуг связи и показатели качества услуг связи, при этом проверка качества услуг связи проводится на регулярной основе в рамках ежегодно утверждаемого План-графика. В текущем году в данный план вошло 928 сельских населенных пункта из которых по 372 селам проведены соответствующие работы, где по выявленным нарушениям наложены штрафные санкции.

В целом, вопросы обеспечения качественного доступа к интернету в сельских населенных пунктах находятся на постоянном контроле Министерства.

**А. Мамин**

*Исп. Мукушев Д.Т.  
тел: 74-57-78*